

АКЦИЯЛАР ЛИСТИНГІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2018 жылдың қараша айында компания AIX және LSE қор биржаларында өз акциялары мен жаһандық депозитарлық қолхаттарының листингін жүзеге асырды.

102-5

Табысты орналастыру нарықтардың айтарлықтай құбылмалылығы жағдайында өтті. 2018 жылдың екінші жартысында EMEA өңірінде 17 IPO мәмілесі тоқтатылғанын атап өту қажет.

Мәмілеге деген жоғары қызығушылық белгіленген және өтінімдер кітабын жоғары дәрежелі халықаралық инвесторлар ұсынды.

Акциялар листингі туралы деректер

Құрал	Валюта	ISIN	Астана қор биржасы (AIX)	Лондон қор биржасы (LSE)
Жай акциялары	Теңге	KZ1C00001619	KAP	-
Жаһандық депозитарлық қолхаттар (ЖДҚ), 1 ЖДҚ 1 жай акцияға сәйкес келеді	АҚШ доллары	US63253R201	KAP.Y	KAP

Қазатомөнеркәсіптің шығарылған акцияларының жалпы саны (ұсынылған ЖДҚ қоса алғанда) 259 356 608 құрайды, оның ішінде 14,92%-ы еркін айналыста, ал қалған 85,08%-ы «Самұрық-Қазына» мемлекеттік ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі. Акциялар мен ЖДҚ листингі 2018 жылдың қараша айында Қазатомөнеркәсіптің бастапқы ұсынысына (IPO) байланысты өткізілді,

ол бір ЖДҚ үшін 11,60 АҚШ доллары бағасымен немесе хабарландыру күніне баламалы жай акция үшін 4 322,74 теңге бағасымен өтті. Нәтижесінде IPO сәтіндегі Компанияның нарықтық құны (капиталдандыру) шамамен 3 млрд. АҚШ долларын құрады, ал орналастырылған акциялар пакетінің құны (ұсынылған ЖДҚ қоса алғанда) шамамен 450 млн.АҚШ долларын құрады.

14,92%

акциялар еркін айналыста жүр